

Ақын Есенбай Дүйсенбайұлы
/туғанына 80 жыл/
биобиблиографиялық көрсеткіш

Ақтөбе
2020ж

Ақын Есенбай Дүйсенбайұлының 80 жылдық мерейтойына арналған биобиблиографиялық көрсеткіш / Құраст. Библиограф Шаншарова Г.И. – Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің ғылыми кітапханасы. – 2020. – 11 бет.

Анықтама – библиографиялық бөлімі қазақтың көрнекті ақыны, Қазақстан Жазушылар одағының Ілияс Жансүгіров атындағы және Халықаралық Жамбыл атындағы сыйлықтардың лауреаты Есенбай Дүйсенбайұлының 80 жылдық мерейтойына орай биобиблиографиялық көрсеткішін жасап шығарды. Көрсеткіште ақынның өмірі, шығармашылығы енгізілді.

Көрсеткіштегі материалдар хроникалық тәртіппен орналасқан. Осы көрсеткіш ғылыми қызметкерлерге, оқытушыларға, магистранттар мен студенттерге арналған.

Басылымға жауапты:
кітапхана директоры

Мазылбекова И.У.

Құрастырған:
библиограф

Шаншарова Г.И.



Есенбай Дүйсенбайұлы
/1940 – 2011/

Есенбай Дүйсенбайұлы 1940 жылы 16 мамырда Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Қалдайбек ауылында туған. Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетін бітірген (1963). Еңбек жолын Жарқамыс орта мектебінде қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімдігінен бастаған. Темір және Байғанин аудандық, Ақтөбе облыстық газеттерінде әдеби қызметкер, редактордың орынбасары, бөлім меңгерушісі, аға тілші болды.

1978–2009 жж. республикалық «Жазушы», «Жалын», «Ана тілі», «Өлке», «Раритет», «Білім» баспаларында аға редактор, Қазақстан Даму институтының «Саясат» журналында редактор, жетекші редактор, редактораудармашы, директорредактор қызметтерін

атқарды. Қазір «Жазушы» баспасында Бас редактор. Тұңғыш жыр жинағы 1971 жылы «Бозала таң мен Бозторғай» деген атпен «Жазушы» баспасынан жарық көрді. Кейін «Ақпейіл» (1974), «Ұлаңғайыр» (1977), «Ашық аспан» (1979), «Ақ желкенді ағыстар» (1979), «Біздің толқын» (1981), «Ашық хат», (1982), «Таң торғайы» (1988), «Үшбұлақ» (1990), «Пешене» (2005) және балаларға арналған «Әліппе – тілашар» (1995), «Санамақ» (1996), «Менің жаңа астанам», «Жаңбыр әні» (2003), «Әріптер мен сандар әлемі» (2007), сондайақ таңдамалы жырларының екі томдық жинақтары жарық көрген. «Қожа Ахмет Йасауи. Хикмет» атты көркем аудармасы 1998 жылы «Жалын» баспасынан шыққан. М.Горькийдің «Әдебиет туралы», академик Г.Ломидзенің «Ұлы достық ұлағаты» кітаптарын, палистиналық ақын әлХамиси, қырғыз шайыры Б.Абакиров жырларын, екі томдық орыс поэзиясы антологиясын қазақ тіліне аударуға қатысқан.

1998 жылы Қожа Ахмет Йасауи хикметтерінің қазақша көркем аудармасы Түркияның Измир қаласында жеке кітап болып шықты.

Ақын ұзақ жыл баспа саласында қызмет істей жүріп, 100ге жуық поэзиялық, прозалық кітаптар құрастырған. Оның ішінде: «Екі мың жылдық дала жыры» («Қазақ энциклопедиясы», 2000), тоғыз томдық «Қазақтар» атты энциклопедиялық анықтамалық (Қазақстан Даму институты, 2003), «Дала даналары» (Қазақстан Даму институты, 2001), «Нар заман мен зар заман поэзиясы» («Раритет», 2002), екі томдық «Жеті ғасыр жырлайды» («Жазушы», 2004), қазақ ақын

жазушыларының ең таңдаулы жауһарлары сұрыпталған жүз томдық «Алтын қор» сериясының елу томы («Раритет», 2000–2006) бар.

Ұлы Абайдың 150 жылдығы құрметіне тұңғыш рет өткізілген республикалық жазба ақындар мүшәйрасы Бас жүлдесінің иегері.

1996 жылы Жамбыл атындағы Халықаралық сыйлық алды.

1990 жылы «Үшбұлақ» жыр кітабы үшін Қазақстан Жазушылар одағының І.Жансүгіров атындағы сыйлығы берілген. Байғанин ауданының, Ақтөбе қаласының Құрметті азаматы, ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Мәдениет қайраткері» белгісімен, «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған.

Есенбай Дүйсенбайұлы туралы ойлар

Сырбай Мәуленов:

Ақынның әрбір өлеңі — жарып шыққан ақиқаттың ащы дауысы.
Ақынның әрбір өлеңі — елдің мұңы мен зары, арманы мен аңсары.
Есенбайдың көп өлеңдері осы ардың жоғын жоқтайды да, мезгіл мінбесіне көтерілуіне кең жол ашады.

Есенбай — лирика мен публицистиканы жігін білдірмей, жымдастыра білетін зергерлердің бірі.

* * *

Фариза Оңғарсынова:

Бір ақиқат бар. Есенбай Дүйсенбай — зерделі, зерек ақын. Есенбайдың өлеңдерін оқығанда мен біз құрыптас ұрпақтың көкейіндегі «табанын тікен осқан жалаңаяқ балалықты», «көкжиеккөлге сүйкенген сиырларды» қайырып, боз ала таңнан «түйені тапырақтатып сайларға» айдаған жылдарды басымнан қайта кешіп, Аязбидің шарығына қарағанындай, өткеніме көңілімді жүгіртіп, тәубаға келіп отырамын. Есенбайдың өлеңмен салған жанды суреттері алпыс екі тамырыңды бүлкілдетіп, сезім әлемінді оятады. Қалдайбек ауылындағы тіршілік сенің де басыңнан өткендей күй кештіреді.

Есенбай басқа жақтан бояу іздемейді. Матасы — қыр, құм да, бояуы — күннен, айдан шашыраған шуақтар.

Қазақ поэзиясының белді ортасында жүрген Есенбай ақынның ғұмыры өлмес өрнектерімен қасиетті.

* * *

Сағи Жиенбаев:

Есенбай жырларында адам жүрегін елжірететін бір нәзік мұң бар. Ол біздің ұрпақтың басына түскен ауыртпалықтың да әсері болса керек. Біз күні кешеге дейін еңсесі көтеріліп, етегі жабылмаған елміз ғой. Есенбай да жетімдік пен жоқшылықты көп көрген жігіт. Қанша айдарыңнан жел есіп жүрсе де, жүрегіңнің бір түкпірінде ызғарлы жылдардың қара суығы жатпауы мүмкін емес.

Есенбай ешқандай қоспасы жоқ, табиғаттың аузынан түсе қалған ақын. Әр өлеңінен көктемгі даланың жұпар иісі келеді. Дүниені сезінуі бөлек, оны өзгеге де сезіндіре біледі. Мен Есенбай өлеңдерінен Жем бойында өзім көрмеген керемет суреттерді көргендей болам. Сол суреттердің ішінде жүргендей сезінем. Оның өлеңдерінде жалған дыбыс, жасанды бояу болмайды. Бәрі де өмірдегідей, табиғи қалыпта.

* * *

Сейфолла Оспанов:

Елді ойлатуға, әрі-беріден соң, сол елдің кеудесіндегі қыжылды тап басып, табан астында жыр жолына айналдырып, күрсінуі мен күрсінтуін қабат алып отырған ақыннан айналып кетпейсің бе!

* * *

Рымғали Нұрғали:

Курстағы әуелгі жетпіс өлеңшіден қалған жалғыз тұяқ Есенбайды біздің «Кішкентай Абай» деп төбемізге көтеруші едік.

Университет бітіргеннен кейін үй-іші жағдайына байланысты Ақтөбе жаққа кеткен ақын Есенбай мектепте, аудандық, облыстық газеттерде он бес жылдай қызмет істеп, Алматыға жетпісінші жылдардың аяғында оралып, тұрақты тұрып қалды. «Бозала таң, бозторғай», «Ақпейіл», «Біздің толқын», «Ақжелкенді ағыстар», «Ашық хат», «Таң торғайы», «Үш бұлақ», «Санамақ», «Менің жаңа астанам» сияқты поэзиялық кітаптарымен оқырманға кеңінен танылып, әртүрлі

сыйлықтар алып, курстастары қойған «Кішкентай Абай» атағын әбден ақтады.

Есенбай ақынның өзгеге ұқсамас ерекшелігі — поэзиясының ешқандай қолдан жасалған қоспасы, әр жерден құрап-жинап алған жалғандығы жоқ шынайылығы, табиғилығы дер едік.

* * *

Дүкенбай Досжан:

Көркемдік бояуы кемпірқосақша құбылған, көкжиегі барынша кең, үміт пен уәйімге, күрес пен күрсініске толы жиырмамыншы ғасыр жыр теңізінің түбінен сүзіп алар өзгеше реңк нақышты өлең-маржанның иесі Есенбай Дүйсенбайұлы екені кәміл.

* * *

Сауытбек Абдрахманов:

Ақынның татаусыз төгілетін тіл кестесі, әсем әндей естілетін сөз сазы, шешен де шебер орайласатын образды орамдары Есенбай Дүйсенбайұлын бүгінгі қазақ жырының өрен жүйріктерінің қатарына қиналмай қосуға мүмкіндік береді.

* * *

Ғалым Жайлыбай:

Қазақтың қанатты ақыны Есенбай Дүйсенбайұлы жырларын оқыған сайын оның алғау-сыз ақ сөйлер адалдығына, өлеңдерінің бай палитрасына, шынайы полотноларына, жан құбылыстары мен арналы

ағыстарына тәнті боласың. Оның өлеңдері сырбаз таби-ғатымен ішкі иірімдеріңді тербетіп, жан тол-қын-дарыңды арнасынан асырып кететін құдірет-ке ие. Есенбай жырының киесі де, иесі — бозала таң мен бозторғай. Оның көкірегінде осы екі қасиет бір нышанды, ол — ақындық әлемнің ғана емес, өмірдің жаратылыс күйі.

* * *

Ертай Ашықбаев:

«Бозала таң мен бозторғай» — Есенбай поэзиясын ешуақытта шөлдетпеген тұптамыр. Сол боз ала таңның бозымық сәулесі мен сол бозторғайдың нәзік шырылы, сол образдар мен сол айшықтар, сол қанық ұлттық бояу мен сол сиқырлы ұлттық саз ақынның кейін қатарға қосылған мол мұрасының қай-қайсысын да ренжіткен емес.

Әдебиеттер тізімі:

1. Дүйсенбай Е. Бозала таң мен бозторғай: таңдамалы / Е. Дүйсенбай. - Алматы: Білік, 2000. - 396 б.
2. Дүйсенбайұлы Е. Махаббат лирикасының антологиясы / Е. Дүйсенбайұлы // Парасат. - 2010. - №5 - 26б.
3. Дүйсенбаев Е. Тан торғайы: жыр кітабы / Е. Дүйсенбаев. - Алматы: Жалын, 1988. - 304 бет.
4. Дүйсенбайұлы Е. Пешене: жыр кітабы / Е. Дүйсенбайұлы. - Алматы: Жазушы, 2005. - 368 бет.
5. Дүйсенбайұлы Е. Ойтоғыс: пікір пайым кітабы / Е. Дүйсенбайұлы. - Алматы: Өлке, 2004. - 320 б.
6. Дүйсенбайұлы Е. Ойтоғыс. 1 тоғыс: пікір-пайым кітабы. / Е. Дүйсенбайұлы. - Алматы: Жазушы, 2003. - 160 б.
7. Дүйсенбайұлы Е. Ойтоғыс. 2 тоғыс: пікір-пайым кітабы / Е. Дүйсенбайұлы. - Алматы: Жазушы, 2003. - 152 б.
8. Дүйсенбайұлы Е. Ұланғайыр: өлеңдер мен дастандар / Е. Дүйсенбайұлы. - Алматы: Раритет, 2006. - 272 б.
9. Дүйсенбайұлы Е. Пешене: жыр кітабы / Е. Дүйсенбайұлы. - Алматы: Жазушы, 2005. - 368 б.
10. Дүйсенбайұлы Е. Екі томдық шығармалар жинағы: 1-ші том. Өлеңдер мен толғаулар / Е. Дүйсенбайұлы. - Алматы: Жазушы, 2008. - 288 бет.
11. Дүйсенбайұлы Е. Екі томдық шығармалар жинағы: 2-том. Дастандар, толғаулар, өлеңдер / Е. Дүйсенбайұлы. - Алматы: Жазушы, 2009. - 320 бет.
12. Батырлар жыры: 2 том / құраст. Е. Дүйсенбайұлы. - Алматы: Жазушы, 2007. - 280 бет.